

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan  
L. N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of philology  
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ  
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

**MATERIALS**

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT  
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

**«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»**  
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Автор барлық шығармасында «Мен» деп өз атынан сөйлейді. Айналып келгенде осы кейіпкер – бәріміз, тұтастай бір қоғам. Профессор Айгүл Ісмақова «Қазақтың жаны» кітабын талқылау барысында: «Мен» деп отырғаны ол Тұрсынжан Шапайдың өзі емес. Ол - сіз бен біз. Қазақ асыл сөзіндегі модернистік әңгіменің стилін меңгерген, нағыз көркем туынды. Өз заманындағы замандасының робот емес, қазақ екенін, ол қазақтың жаны бар екенін көрсету, сондай басты мақсатты Тұрсынжан Шапай өзі тауып алған» - деп ойын білдіреді. Әдебиеттанушы ғалым шығармаға өзінің оң бағасын: «Бұл біздің қазақ әдебиетіндегі жаңа форма. Бұл кітаптың басқалардан ерекшелігі осында. Сондықтан ескірмейді», - деп береді [5]. Автор туындыны мына сөздермен бастайды: «Менің көзім жетті: біз әйтеуір, аштан өлмейді екенбіз. Бізге келетін тажалдың аты басқа екен. Қазақтың жаны үшін күрес жүріп жатыр!» [6. 4]. Кітап толығымен осы бағытта жазылған. Бұл бағыт - қазақтың жаны мен рухы үшін күрес.

Т.Шапайдың шығармаларына назар аударсақ, шытырман оқиға мен шиеленіске толы, ұзақ жазылған дүниелер жоқ. Автордың басты ерекшелігі – туындыларындағы ықшамдық. Шағын ғана дүниемен келелі мәселе көтеру, салмақты пікір білдіріп, оқырман қауымға үлкен ой тастай білу – асқан шеберлік. Сыншы күлдіре отырып, терең ойға батырады, кейде жылатады. Себебі, өз көргені мен сезгенін суреттеп отырып, өміріміздегі қарама-қайшылықтарды санамалап, өз бейнемізді көз алдымызға келтіріп отырады. Бұның барлығын сәйкесінше, ащы мысқылмен жаныңа батыра баяндайды. Осы арқылы халықты ұлтсыздану қаупінен сақтауға тырысады.

Тұрсынжан Шапай – қазақ әдеби сынында даралығымен, қайталанбас айрықша жазу стилімен, ойлау жүйесімен ерекшеленетін тұлға. Оның ғылыми, сыни мақалалары мен эсселері қазақ әдеби сынына жаңа леп, жаңа өрнек әкелді. Сыншының зерттеулері, қаламынан туған еңбектері сонысымен құнды, көркемдік ерекшелігі жоғары әрі мазмұндық салмағы басым.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұртбай Т. Тұрсынжан ұстанымы: Эссе // Қазақ әдебиеті. – Алматы. <https://qazaqadebiety.kz/>
- 2 Шапай Т. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы: Т.1. Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: «Арда+7», 2017. – 424 б.
- 3 Ісімақова А.С. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану: (Әдеби мақалалар) Монография. – Алматы. «Дәстүр», 2016. – 384 б.
- 4 Пірәлі. Г.Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы (1920-2005): Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 309 б.
- 5 Қорғасбек Ж. Қазақтың жанын оқыдыңыз ба?: Сұхбат // Халық сөзі. – Алматы. <https://halyksozi.kz/>
- 6 Шапай Т. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы: Т.2. Эссе, әңгімелер. – Алматы: «Арда+7», 2017. – 344 б.

ӘОЖ 82.091

### КЕМЕЛ ТОҚАЕВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

*Жунусова А.*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты  
Астана қ., Қазақстан*

*\*Ғылыми жетекшісі: филол.ғ.д, профессор Тұрысбек Р.С.*

*E-mail: [aina\\_zhunusova@mail.ru](mailto:aina_zhunusova@mail.ru)*

**Abstract.** In this article, we tried to explore the creative search in the prose of K. Tokayev, who made a significant contribution to the development of the detective genre in Kazakh literature. The article contains a literary conflict, a literary portrait, a character's personal features, a literary position, and artistic

features. The plot-compositional, genre features of the writer's works written in the detective genre were described. Based on the writer's works, we considered artistic factors and the ideological, aesthetic function of the character's image. The purpose of the article is to differentiate the plot structure and character of the genre. The main events in the work, the search for an artistic representation of reality were analyzed. It is concluded that the writer is well aware of the inner life of the character, knows and understands the psychology of youth and adolescents.

**Key words:** Detective, genre, plot, hero, crime, image.

**Аннотация.** В данной статье мы попытались исследовать творческие искания в прозе К.Токаева, внесшего свой значимый вклад в развитие детективного жанра в казахской литературе. В статье содержится литературный конфликт, литературный портрет, характер персонажа, литературная позиция, художественные черты. Описаны сюжетно-композиционные, жанровые особенности произведений писателя, написанных в детективном жанре. На основе произведений писателя рассматриваются художественные факторы и идейно-эстетическая функция образа персонажа. Цель статьи - дифференцировать сюжетную структуру и характер жанра. Анализируются основные события в произведении, поиски художественного изображения действительности. Рассказывается, что писатель хорошо осведомлен о внутренней жизни персонажа, знает и понимает психологию молодежи и подростков.

**Ключевые слова:** Детектив, жанр, сюжет, герой, преступление, образ.

Қаламгер Кемел Тоқаев – соғыс тақырыбына арналған шығармаларымен қатар қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының жолын ашып, дамытуымен де оқырманның жүрегінде қалды. Оның қаламынан шыққан әрбір туынды өмір шындығын негіз етеді. Өмірде болған жағдаяттар әр қырынан ашылып, оқиға өрімі шындық аясында өріс алады. Осылайша, жазушы К. Тоқаев өз шығармалары арқылы қорғаушылар, чекистер мен партизандар бейнелерінің ұлттық болмысын кең түрде ашты.

Жазушы туындыларын тақырыптық ерекшелігі тұрғысынан үшке бөліп қарастыруға болады. 1. Жасөспірімдерге арналған шығармалар. 2. Соғыс тақырыбындағы туындылар. 3. Детектив жанрында жазылған шығармалар.

Жазушының алғаш жарық көрген - «Жұлдызды жорық» атты кітабы жасөспірімдерге арналып жазылған. Шығарма әр түрлі тақырыпқа арналып, бірқатар тақырыпшаларға бөлінеді: «Қуаныш», «Нұрлы жол», «Ауыл қызы», «Ар жақтан келген бала», «Күнделік». Жазушы әңгімелері, көбінесе олардың ұстаздары, ағалары, ата-аналары, мұғалімдерінің образын суреттеу төңірегінде өріс алады. «Қуаныш», «Нұрлы жол», «Жұлдызды жорық» деп аталатын әңгімесі мектеп оқушыларының өмірінен алынып жазылғаны байқалады. Оның бірқатар ерекшеліктері барын аңғарар едік. Біріншіден, әңгіменің балалар үшін өте қызықты болуы. Екіншіден, балалар мен ересектер бейнесінің жан-жақты суреттелуі. Үшіншіден, шығарма тілін бейнелі етудегі жазушы ізденісінің көрініс беруі. Шығарма сюжетінен аңғарылатынындай, мұғалім Константин Григорьевич өз оқушыларына (Сережа мен Жаннатқа) бу двигателін жасауды тапсырады. Төмендегі үзіндіде екі оқушының еңбекқорлығы, білімге құштарлығы әбден байқалады: *«Жаннат Сережаның икемсіз көрінетін үлкен қолының ептілігіне бұл жолы да тамашалап қарап тұрды да, маховикті чертежға салыстырып, циркульмен өлшей бастады. Мәнсіз дұрыс сияқты. Дөңгелекті қайта кигізгенде, кішкене темірге тірелгенін енді байқады»* [4. 318].

Анығында, шығармадан қаламгердің бала өмірін, психологиясын жетік білетіндігі байқалады. Олардың әр нәрсеге әуестенгіш, әсерленгіш, жылт еткен құбылысқа қызығушылығы сынды құштар көңілдерін тап басып көрсетеді. Ал, «Ауыл қызы» әңгімесінде Ажар есімді қыз «Алғабас» колхозына келіп, ауылдың тұрмыс-тіршілігімен танысады. Бұл әңгімеде әділеттілік пен әділетсіздіктің көріністері де бар. Шығармада қаршадай қыздың еліне жаны ашып, ауылдың әлеуметтік мәселесін шешуге ұмтылған қайсар әрекетіне негізделген образы бейнеленеді. Қаламгер осы әңгімесінде, ең алдымен ұжымдық еңбектің мәнін көрсетпек болады, екіншіден, жасөспірімдерді еңбек етуге шақыруды мақсат етеді. Айта кететін болсақ, жоғарыда аталған шығармалар жасөспірімнің бағытын айқындап,

мінезін қалыптастырып, ақ пен қараны ажыратуға себеп болады. Екінші жағынан, қиялын ұштап, ой галактикасына еркін еніп, өмір мәніне терең үнілуге үйретеді.

Соғыс тақырыбына арналған «Солдат соғысқа кетті», «Солдат қабірінің басында», «Көмескі із» деген шығармалары бар. Жазушы «Солдат соғысқа кетті» романы арқылы Ұлы Отан соғысы кезіндегі Кеңес жауынгерлерінің ерлік істерін суреттеуді мақсат етеді. Профессор Рақымжан Тұрысбек былай дейді: «*«Солдат соғысқа кетті» романында жауынгерлердің жаттығу кезеңінен бастау алған соғыстың мың сан көріністері, күрделі кезеңнің қилы сәттері нақтылы жағдаяттар негізінде нанымды ашылып, жүйелі де, әсерлі суреттеледі. Қаламгер К.Тоқаевтың бұл туындысы соғыс шырғалаңдарының, ердік пен елдіктің, адамдық борыш пен азаматтық қасиеттің, жауынгер-солдаттарының өмірі мен қилы кезеңіндегі тағдыр-талайының көркем шежіресі десек, артық айтандық емес*» [5. 6]. Расымен де, бұл майдандағы асқан ерліктер, қыршын кеткен боздақтар, күнәсіз қырылған майдангерлер бейнесі адамзат атаулыны толғандырар қатпарлы ой-тұжырымдарға жетелейді. Қаламгер бұл шығарманың идеялық астарына соғыс жағдайындағы әділетсіздік көріністерін, ұлтаралық түсініспеушілік сияқты мәселелерді қозғайды. Бұл романды оқыған кезде соғыс кезіндегі ұлтаралық, нәсілдік теңсіздікті білдіретін ащы да болса өмір шындығының мәні байқалып отырады. «Көмескі із», «Солдат қабірінің басында» әңгімелерінде адалдық пен әділдіктің, батырлық пен тапқырлықтың бары айтылады. Қаламгердің кез келген шығармасы өмірде болған оқиғалар, мәнді өріс алып, шынайы жазылғаны танылып тұрады. Мысалы, «Солдат қабірінің басында» атты әңгімесінде полк солдаттарының ең кенжесі Акимовты шығарманың кейіпкері емес, өмірде болған Ұлы Отан соғысының ардагері ретінде қабылдаймыз. Әңгімеде ауыр жарақат алып, таңғы сәулеге қараған Акимовтың: «Мені мамам сағынатын болды-ау!» деп аяқталатын сөзі оқырман жанын баурап, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыра түскендей. Қаламгердің соғыс тақырыбын қозғаған барлық шығармалары нақты жайларды негіз етіп, ерекше сезіммен жазылғаны айқын көрініп тұрады. Кейіпкерлерін ойдан шығарып, алыстан іздемейді. Өмірдегі, жанындағы адамдардың мінез-құлқын шығармаға арқау ете отырып, сол арқылы туындыға өзек болар идеяны өмірден алады. Ал, жазушының «Соңғы соққы» романында патша өкіметі биліктен кеткеннен кейінгі ақтар мен қызылдардың арасындағы оқиғаны суреттейді. Бұл шығармада мемлекет үшін аянбай еңбек еткен азаматтардың ерліктері баяндалады. Роман толыққанды детектив жанрында жазылмаса да, детектив элементтерінің бары байқалады. Бірнеше жылдан кейін Кемел Тоқаевтың шығармаларына Америка халықтары қызығушылық танытып, оның «Соңғы соққы» романын сұратқаны жайдан-жай болмаса керек.

Қаламгердің таза детектив жанрындағы шығармасы «Қастандық». Бұл повестегі басты қылмыскер – Петрушкин. Автор қылмыскердің жүзіндегі, әсіресе көзқарасындағы өзгерісті байқатып, оның ішкі бітімімен қатар сырт келбетін (портретін) де ашуға тырысады. Мәселен, «*Петрушкиннің түсі бұзылып кетті. Қалтыраған жалғыз қолымен қалтасын сипалай берді. Шапшаң тұрып, жастықты жөндеген боп, астына бір затты алып, қалтасына салды*» және «*Сары сақал күс басқан жалғыз қолымен тер сіңген кепкасын мыжғылап, булығып сөйлей алмай, көз жасын төгіп-төгіп жіберді*» [3. 228]. Бұл жерде автор кейіпкер бейнесін беру арқылы әңгімешінің оған деген көзқарасын айқындап отырады. Сонымен бірге оқиға барысында ізкесуші Талғат Майлыбаевтың байқағыштық қасиеті суреттеліп отырады. Талғат күдікті Маслованың үйіне мән-жайды анықтауға барады. Бірақ, оның кінәсіз екенін бірден сезеді. «*Ағаш көлеңкесінде, сәкі үстінде, лейтенант Майлыбаев үй иесі Масловамен рақаттанып шай ішіп отыр. Ақ самаурын столға жаңа қойылған тәрізді. Буы бұрқырап тұр. Тамақ тұр-түрімен қойылған. Алдарында жылтырауық ыдыстар көп. Өздері ұзақ көріспеген жандардай қызық әңгімеге кіріскен. Әйелдің сыңғырлаған күлкісі жиі естіледі*» [3. 247]. Майор мен полиция қызметкері Байкин таңғалады. Екеуі қылмыскерді таптық деп келгенде, Талғат ізкесуші оны тауып, Маслованың қылмыскер емес екеніне көзі жетеді. Милиция қызметкерлері тек фактімен ғана жұмыс істейтініне қарамастан, Талғат түйсігіне көбірек сенім артады. Маслованың кінәсіз екеніне көзі жетіп, ақтап алғысы келді. Жазушы

шығармасында бір оперативтік топтың түрлі қылмысты әшкерелеу барысындағы әрекеттері суреттеледі. Батылдық пен қырағылығы, жауапкершілігі де танылады.

«Қастандық», «Түнде атылған оқ» повестерінде полиция қызметкерлерінің қоғамдағы ерліктері сөз болады. Романның басты ерекшелігі құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ерен еңбегін көрсету. Бұл роман үшін жазушы Кемел Тоқаев «Милиция қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Әкесінің шығармашылығы туралы естеліктерінің бірінде *Қасым-Жомарт Кемелұлы мынадай ой айтады: «Өзінің алғашқы кітабы жарық көрген үш жылдан кейін әкем милиция қызметкерлерінің ауыр еңбегі туралы өте қызықты шығармасын аяқтайды. Кітаптың атауы өте сәтті шыққан, бір сөзден тұрса да, қаншама мәнге ие: «Тасқын» (1958 жылы жарық көрген). Бұл кітап жарық көргенге дейін қазақ тілінде дәл осындай жанрдағы кітап болмаған, әкем бұл бағытқа алғаш қалам сілтеген жан»* [б. 9].

«Түнде атылған оқ» повесіне келетін болсақ, оқиғаның басталуында орман ішінде жүрген Мырзаш есімді қартқа оқ атылады. Оқтың кім атқанын капитан Талғат Майлыбаев анықтайды. Осы хикаядан-ақ К. Тоқаевтың жекелеген кейіпкерлердің (қарт кісілер Мырзаш пен Қалампыр, қылмыстың ізін кесуші майор Бөгембаев, Талғат, Бақытжан, Нәсір, ақылына көркі сай ару қыз Алтыншаш, қанды қол қылмыскер Черносов, т.б.) өмірдегі ізін шебер игергендігін, осы бағытта тынымсыз еңбек еткенін анық байқауға болады. Қаламгер шығармадағы махаббат мәселесін көрсете бермейді. Себебі, бұл ізкесушінің жұмысына кері әсерін тигізуі мүмкін. Бақытжан мен Алтыншаштың арасында кіршіксіз сезім болады. Алтыншаш – ақылды қыз. Бақытжан сүйіктісін Талғаттан қызғанып жүрсе де, өз қызметін адал атқарады. Досқа адал, уәдеге берік еді. Мысалы: « ...– Біз жігітімізді қара жұқа қосып, жасырып, бүркеп жүрсек, бұл қыз оны студент кезінен біледі екен ғой. Неге айтпаған? – деді. – Атқарып жүрген жұмысына бөгет жасамайын деген ойы шығар. Қыз ақылды екен. Мен бұл хатты иесіне табыс етейін, – деп Талғат газет қиындысын қалтасына салды» [1. 224]. Бұл жерде Алтыншаштың қазақ қызының образын ашып, ұлтына, еріне деген адалдығы аңғарылып тұр. Ал, оқиғаның шарықтау шегінде Черносов есімді қылмыскерді құрықтайды.

Қаламгер «Ұясынан безген құс» атты романының қалай туындағанын өз эпилогында жазады. «Сарыағаш» санаторийінде Майра деген әйелмен танысады. Жазушының бұл таныстығы романды жазуға итермелейді. Бұл шығарманы оқи отырып, оқырмандары қызыға бастайды. Сондықтан болар жазушының оқырмандары бүгінгі күнге дейін оның шығармаларын жоғары бағалайды.

Жазушы Әкім Тарази: «Ұясынан безген құс» шығармасы туралы былай дейді: *«Қазақы ұямыз - таза, пәк ұя. Содан безсең - азғындайсың» деген идеяны мұрат еткен құқық қызметкерлері - қазақ ұлтының ар-ұятты мал-жаннан биік қоятын мораліне сүйеніп өз міндеттерін орындайды. Жазушы сол кездегі әдебиетте айтылмайтын Ұлт тақырыбына тоқталып, ағайынның ала болмауын кейіпкерлерінің әрекетімен баяндайды. Қазақтың бір-біріне әділетті қарым-қатынасы ел бірлігін, ынтымағын, ұлт ұясын қадірлеп-қастерлеуге бастайды деген көкейтесті ойын романдағы сюжеттермен жеріне жеткізе пісіреді.* Мұнда автор тек жалаң сюжетті ғана баяндамай, адамгершілік, ар-ождан мәселесін де көтереді.

Қаламгердің «Сарғабанда болған оқиға», «Көшкен үйдің қонысы қайда?» шығармалары кітаптың төртінші томында жазылған. «Сарғабанда болған оқиға» деп аталатын повесінде қылмыскердің жұмбақ әрекеті баяндалады. Шығарманың соңында қылмыскер Майснев пен Цой екені анықталып, кей құпиялардың басы ашыла түседі. Цой мен Майсневтің сыбайлас екені, медсестра Аида Глухованы айыптағаны, алтын ұрлап сатқандары, Дарьяны өлтіргені, барлық қылмыстары ашыла түседі. Бұл жерде ізкесуші Талғаттың неліктен Аиданы қамаудан уақытша босатты дейсіздер? Себебі, біріншіден, Аиданың арамдық істегеніне сенбеді, бірақ дәлелдер іздеді. Екіншіден, ата-анасының аурып қалғанын, інісінің үйде жалғыз қалғанын түсіндірген соң, Талғат оны қамаудан босатты. Бұл жерде ізкесушінің адамгершілік белгілері байқалады. Детективті прозада ізкесуші мен

тергеушіде адамгершілік болады да, қылмыскерде логикалық ойлау болғанымен мейірімділік жоқ. Туындының жұмбақ құпиялары оқырманды таңқалдырып, қызықтырып отырады. Алайда, оқиғаның шешіміне дейін құпиялардың барлығы заттай дәлелдер мен болжамдар ретінде оқырманның көз алдында тұрады. Автор бұл жағдайда оқырманын бірінші өн бойымен жетелеп, қалай дамып, өрбіп отыратындығын көрсетеді. Қаламгердің қай шығармасын алсақ та оқырманға түсінікті, әрі жеңіл оқылады.

Повестегі мына бір монолог оқырманға ерекше әсер етеді. *«Ана-ау, жалғызыңнан, Рахымыңнан айырылдың ғой! Мен бейбақ сендерге қуаныш әкелмей, сұм ажал әкепін ғой. Қос жетімнің не жазығы бар еді... деп дауыс салды»* [4. 16]. Қаламгер кейіпкердің ішкі әлеміне еніп, көзқарасын қасиеттерін іс-әрекет үстінде ашады. Кейіпкерінің толқыған сәттегі біртіндеп тебіреніске енуін де шебер суреттейді. Жазушы көбіне-көп ойлы, ақылды, жомарт, адал, адамдар туралы жазғанды іштей жүрегіне жақын ұстаған. Себебі, бұл повесте автордың өз кейіпкерлерінің адами қырларын, жан дүниесін, байқататын көркем көріністердің бары байқалады.

«Көшкен үйдің қонысы қайда?» шығармасы туралы журналист Көсемәлі Сәттібайұлы мынадай болжам айтады: *«Болашақ шығармасына жағрапиялық тұрғыдан алтын арқау болған хикаятының өмірге келуіне жазушының Жамбыл қаласында басталған ең алғашқы еңбек жолының да әсер етуі мүмкін»* - дейді. [8. 3]. Себебі, шығарманы оқи отырып, шытырман оқиғалардың Жамбыл қаласынан басталатынын білеміз. Автор бұл жерде елдің тұрмыс-тіршілігін, көрген білгенін ой елегінен өтікізіп, ұтымды қолдана білген. Бұған дәлел ретінде: Мысалы, *«Сейілбек, мен бұлай ойламаған едім. Ең алдымен оның Шолақтауға барғанына таңданам. Әрине, ол бір мақсатты көздеген»* деген диалог пен *«Саудагер Абуллаходжаевтың Шу станциясындағы жылпос әрекетін Жанғабылов кейін білді»* [4. 131] деген сөйлем дәлел бола алады. Бұл диалогта Шолақтау дегені қазіргі Қаратау қаласы болса керек. Қаламгер әр туындысын жазғанда кейіпкер бейнесіне ене отырып, кейіпкерімен бірге күй кешеді. Ағылшын қаламгері Уильям Сомерсет Моэм: *«Жазуға кірісіп, кейіпкерді тудыру сәтінде ол сенімен, сен онымен біргесің, ол өмір сүреді»*, – дейді [7. 3].

Қаламгер шығармаларында милиция қызметкерлері, құқық қорғау органдарының бейнесі жан-жақты көрініс табады. Кейіпкерлерін асыра мақтап, жарқыратып жаза көрсете бермейді. Мемлекеттік іске қоғамдық мүддеге адал адамдарды шынайы бейнелейді. Жазушы шығармалары жинақы, композициясы шебер құрылған. Кез келген уақытта оқырманын сыр мен сезімнің тереңіне тартып әкетеді. Кейіпкерлері дараланып, тұлғаланып тұрады, тақырып пен идеясы, тілі мен стилі үйлесім тауып, жоғары деңгейде көрініп тұрады.

### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Тоқаев К. Шығармалары 1 т. – А.: Ана тілі, 2009. – 383 б.
- 2 Тоқаев К. Шығармалары 2 т. – А.: Ана тілі, 2008. – 283 б.
- 3 Тоқаев К. Шығармалары 3 т. – А.: Ана тілі, 2008. – 383 б.
- 4 Тоқаев К. Шығармалары 4 т.– А.: Ана тілі, 2008. – 383 б..
- 5 Тұрысбек Р. Авторлық ұстаным және соғыс шындығы: [Қаламгер К. Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романы хақында] / Р. Тұрысбек // Қазақ әдебиеті, 2021. – 7 мамыр. (№19) – 6 б.
- 6 Тоқаев Қ. Әке шығармашылығы туралы толғаныс. [Кемел Тоқаев, Өнегелі өмір] /Қ. Тоқаев //– Алматы: Қазақ университеті, 2018. –9 б.
- 7 Козлик И. Методологические аспекты теории Чичерина. /Издание второе, Симфония форте// Ивано-Франковск: 2011. – 32 с.
- 8 Сәттібайұлы К. Жауынгер, жазушы Кемел Тоқаев // Ақ жол. – 2015. – 26 ақпан. – 3 б.